

ISSN 1811-1823

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

А. ТОРАЙГЫРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРХАЕОЛОГИЯ АКАДЕМИЯСЫ



4'2008



ПМУ хабаршысы
Вестник ПГУ

ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ СЕРИЯ

ӘӨЖ 882.151.212.2-4

ЭССЕНІҢ ЕСЕСІ МОЛ

Б.Т. Баткеева

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Қаламгер Мұзафар Әлімбаев поэзия жанрында яғни лирика мен эпикада ғана емес, балалар әдебиетінде ғана емес, әдебиеттануда да, фольклор саласында, эссе, публицистикада да жемісті еңбек етуде. Ол - әсіресе эссе жанрында ең көрнектілердің бірі.

Оқырманның айызын қандыра, ойлылығымен де, шебер кестесімен баурап, төгілте жазатыны ырзалайды. Өзінің «Батаменен ер көгерер» атты кітапшасындағы «Ақ батаның аясы» атты зерттеме – эссенің заманында қатаң тыйым салынған жанрдың болмысын қазақ әдебиетінде алғаш рет кең көлемде талдап, ғылыми қорытындылар жасаған.

Алғашқы екі абзацты ғана оқып көрсек, автордың ділмарлығы мен білімдарлығына ұйып түскендейсің.

«Әр адамның көңіл сарайындағы мейір – шапағаты, жылы пейіл – ықыласы екінші бір пенденің дәтіне қуат, рухына мият».

Жалпы, жан баласына жақсылық тілеу, тілеп қана қоймай, өзін жақсылық жасау – «Болмасын деген онбасын» деп кесіп айтқан ата – бабалардың өсиетнамасы, адамгершілік аманаты, жанашырлық – біздің ұлттық мінезіміз».

Ұлттық рухымызды жоғары көтеретін осындай отты ойлар, жылы лептер!

«Абайды қайталап оқығанда» атты эсседен бір үзік мынадай:

«Көзімен көрмеген кісі нанбас та, сенбес те. Бірақ шыным, ақиқатым – сол: Абай жырлары күндіз үстелімде, түнде жастығымның астында».

Тіл өнерінің тылсымды тұңғыығына тап болғанда, соны қияндарға беттегенде, ақындық сырлары хақында пікір таластырып, әділ қазыға жүгінгенде, өзгені былай қойып күнделікті тіріліктің күйбеңдерінен бір сәтке демалғым келгенде көңілімді көлеңкелер көшіп кеткен соң жаныңды ақ самалға желпінткің келгенде... Абай томын қолға алатының ақиқат.

Абай – тойдырмайтын, мезі қылмайтын тоят,

Абай – жырларынан жалыққан жан – тірі аруақ.

Ақиқат сезім, айтқыштық әлуеттілігі міне осындай! «Әуселем жетсе екен, мен де осылай мейірімді лебіздер төксем екен!» - дегізетін қуаты бар сөздер!

«Тарихта мән ғана емес, жан да бар. Тарихы – көшкен жұрт, өшкен із емес. Тарих – тәлімгер. Тарих – бүгінгінің қолбасшысы. Болмысты жан – тәнімен сезінген сезімтал жанныр сыры!» [1]

Мұндай мәйекті ойлар ұрпақтар еншісі боп ауысары хақ!

Және де «Иманына қамшы басып, ышқына сөйлеу – ежелден - ақ ел деп еңірегендердің үлесі! От басынан озбайтын омалмалар ондай өрелі асқарға көтеріле алмайды» («Қазақ өлеңін қандай қасиеттерінен танимыз» атты эсседен).

Мұзафар Әлімбаев қазақ тілінде ғана емес, орыс тілінде де көсіле сөйлейтін ділмар қаламгер. Ол - сыни, зерттеу еңбектерін қапысыз – қалтықсыз орыс тілінде өрнекке түсіретін ой сүреткері. Ол - публицистика саласында да біреу ғұрлы көсіліп, төгілте тамсандырады...

1970 жылы дүние жүзінің түпкір – түпкірінен келіп, А. Пушкин тойында тоқайласқанда, соған кеңес

қаламгерінен қатысқан 7–8 кісінің бірі боп ақын бейітінің басында сөйлеген Мұзағаң лебізін «Литературная газетаның» «Венок поэту» деген қосымшасы келесі жылы сұрыптап алғанын айтсақ та, лебіздің көркем идеялық құндылығын аңдауға болар.

КАЗАХСКИЙ САЛЕМ!

Гений любого народа, как солнце, принадлежит всей планете. Так и Александр Пушкин. Казахи считают его своим родным поэтом. Насколько беднее были бы духовно, не зная бессмертных пушкинских творений в достойных гения переводах нашего Абая.

Казахский народ, не склонивший головы ни перед какими русскими императорами, был раз и навсегда покорен русским акыном Александром Пушкиным, ибо мой народ умеет ценить поэтическое слово. Как нет человека без собственного имени, так и нет человека без собственной песни. По душе пришлись поэту – народу светлые, человеколюбивые думы русского певца. Монолог Татьяны стал у нас любимой народной песней, мелодию которой тоже создал Абай. Нур Татиш – лучезарная Таня говорят у нас.

В народе по сей день бытуют многие вариации «Евгения Онегина». В старину невесты радовались, когда им вместе с приданым давались абаевский перевод печальной повести любви.

Шедевры Пушкина оказались несравненной школой и для самого Абая. Говоря словами незабвенного Мухтара Ауэзова, «Абай был не подражателем Пушкина, а талантливым продолжателем его традиций». Так гения постиг народ, народ понял народа.

Пушкин в прямом и переносном смысле слова первым проложил тропу дружбы русского и казахского народов.

В 1833 году Александр Сергеевич посетил Яицкие степи и, изумленный нашим замечательным лиро – эпосом «Козы – Корпеш – Баян - Сулу», записал его краткий сюжет. Мне думается, что преждевременная смерть помешала ему создать и еще один поэтический шедевр – о степных Ромео и Джульетте.

В советскую эпоху Пушкин на казахском языке звучит полнее и привольнее. И ты испытываешь гордое чувство от сознания того, что приобщен к чудному звучанию его лиры. Многотомник поэта – в каждой чабанской юрте, в квартире интеллигента.

В 1970 мне посчастливилось быть участником Всесоюзного Пушкинского праздника поэзии. Сама грандиозность торжества под стать Пушкину! Я был вохищен и взволнован величием народной любви к своему певцу. Стопятидесятитысячная аудитория Михайловского – кому дано познать такое!

Мне посчастливилось выступать и у стен Святогорского монастыря, и в Михайловском, и в Москве. И сердце подсказало слова признательности:

- Прими, поэт, низкий поклон, казахский салем моих земляков. Меня послал к тебе мой народ. А послы всегда едут к живым. Ты вечно жив и вечно с нами!

- 2 -9 июня, 1971г.

Ол жылдарда қиюын тауып осылай сөйлеп ұлттық намысты көтеру кез келген қаламгердің қолынан келе бермейтін. Осыған үндес ұтқыр әрі ойлы бір сөзінен мысал келтірмей болмас.

«Айтыс – песенное состязание акынов, одна из вековых традиционных форм нашей национальной поэзии. Поэтический турнир, песенный бой, философская дискуссия – вот что такое эта вершина искусства импровизации и поэтической фантазии. Айтыс включает элементы народ-

ной драмы, это психологическое зрелище, ведь айтыс проводится публично, перед народом. В айтысе раскрывается гражданская смелость, широта миропонимания, мощь воспитательного воздействия на слушателей. Как жанр айтыс сохранился только у казахов, киргизов, каракалпаков и у мальчашей на Мадагаскаре» [2].

Өз халқының рухани бейнесін өзге жұрттарға біліктілікпен, шыншылдықпен таныстыру, таныту көрінісі де, үлгісі де осындай – ақ болар!

Қарл қаламгер ауру – сырқаулығына қарамастан замана ағымына үн қосып, теледидар мен радиодан да, баспасөзден де дамыл – дамыл сөйлеп қоятын әдеті – құптарлық құлшыныс! Сондай бір сүбелі пікір мынандай.

«Далекое прошлое

Горбачевская перестройка возвратила нам духовные ценности прошлого. Настолько нас обогатили! Но до сих пор мы публикуем творения Магжана в искаженном и усеченном виде, далеко от подлинника, до сих пор пылятся в архивах других стран работы наших великих. Идем долго и робко, по – прежнему боясь задеть чью – то честь...

... Прошлое – это тоже экзаменатор. И пока оно каждый день ставит нам «двойку», только мы, гордые, не признаемся себе в этом.

Беззаботность правительству не к лицу.

Если кто – то думает, что экономика – это хлеб, а культура – пирожное, это пагубная мысль.

Пока умеренное удовлетворение желудка устраивает и народ наш, и меня. До лучшего времени. Но народ не может терпеть духовного голода. Когда исчезнет из жизни искусство – человек перестанет быть человеком.

Я могу ходить в поношенном костюме, но не могу молчать – не кричать во весь голос о беззаботности нашего правительства по отношению к литературе, науке, культуре.

Группа писателей обратилась к Президенту: литература осталась без заботы со стороны государства. О том же пишут ученые.

Я хочу поддержать моих коллег. И обратиться к советам и эрудиции Президента. К его гуманности [3].

Сонау жетпісінші жылдары Бүкілодақтық радиодан Мұзафар Әлімбаевтың халық педагогикасын насихаттаған эссе – лекциялары екі жылдай эфирден берілгені есте. Орыстардың мөлдір таза оралымды тілінде жазылған ғибратнаманы тыңдағандар телефон шалып талай құттықтаған екен. Алматылық журналист Нина Севастьянованың анасы:

- Неужели и в нашем городе Алматы живет такой мудрый человек?!, – деп қызынан сұрапты. Сол эпизодты Нина Мұзағана айтып келіпті.

Бұ да орыс тіліне жүйріктіктің пайдасын көру деген сөз.

Ұлылардың ұлағатын ұрпаққа ұсынған тұста Мұзағана жанып түседі, қаламы шабыттана шарқ ұрады. Мәселен, «Кінәлі ақын емес, заманы еді» деген эссесінде классик ақын І. Жансүгіров жайында айтады: «Ілияс лирикасы отызыншы жылға дейін құнан шабысты, от намысты, нұр нақышты болып келеді» дейді. Ішкі ұйкастарды топырлата төпейді. Жазылған өлең деп осындайды айтпас па?! [4]

«Иногда мне кажется, что от земной и огненной поэзии Абая греются даже звезды на небесах. Поэт – планета, он не распознан полностью еще никем» дегені қапысыз орысша емес пе?! [5].

Қайткенде қазақтың асыл қасиетін алыс – жақын елдерге, жер бетіндегі жұрттарға жеткізуді ойланатын Мұзафар Әлімбаев қазақтың мақал – мәтелдерін орысшаға аударып та тәжірибе жасады. «Казахстанская правдаға» сонау алпысыншы жылдарда топтап басылды да. Халық педагогикасы туралы зерттеулерінде талай жүздеген

мақалды орысшаға аударып, көркемдік идеяларын ашты.

Мәселен, «Таз таранғанша той тарқар. Аллитерацияға яғни 4 бірдей «т» дыбысынан басталатын сөздерге құрылған қазақ мақалы. Соны Мұзаған:

«Пока прихорашивается плешивый и пир пройдет», - деп 5 бірдей «и» дыбысына құрып, орысшалаған.

Баланың жақсысы – қызық,

Жаманы – бұзық.

Қазақтың байырғы мақалы. Соны Мұзаған орысшаға

«Хорошее дитя – наслаждение,

Плохое дитя - огорчение», -

деп аударған.

«Еңбегі көптің өнбегі көп».

Мұны шұбалаңқылау болса да, мән – мазмұның дұрыс жеткізген.

«Чем упорнее труд,

Тем слаще его плод».

Қазақтың «Таспен атқанды аспен ат» деген мақалын орысшалаған Мұзаған:

«Кто в тебя стреляет клином,

ты в него стреляй блином», -

депті.

Орыс тілділерге де ұнар үйлесім – түйін шығар.

Мұзафар Әлімбаев осыдан қырық жылдай бұрын

қолға алып, құлшына зерттеп жүрген халық тағылыматы (педагогикасы) жөнінде жазғандары, жарияланымдары түгел жинаса, 3-4 том боларлықтай. Сол зерттеуді желісін үзбей, жалғастыруда. Әсіресе, «Алматы ақшамы» зерттеушіге сергектік танытып, қолдау көрсетуде. «Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы Ерғали Сағатовтың алғырлығына Алла разы болсын айтқың келеді.

Халық мақал-мәтелдеріндегі, халықтың қара өлеңіндегі, өткен замандар жыраулары мен ақындары творчествосындағы, бүгінгі ойшылдар нақылдарындағы тағылымдық тенденцияларды жілігін сора, майын шаға зерделі зерттейтіні Мұзағаңа алғыс жаудыртады. Мысалға М. Әлімбаев халықтың белгісіз бес мақалын қалай талдағанына зер салып көрелік.

«Оттың шаласы, сөздің оласы жаман». Біреуді жақтап, біреуді даттап сөйлеу әділ сөз болса бір сәрі, көпе-көрнеу қисайту, қыңырлаққа басу, әрине, құдай алдындағы айдан-анық күнә! Жанағы мақал сол шындықты солкылдатпай, жұртшылыққа жайған да салған. Мұндайда:

«Айтсаң тілін күйеді,
Айтпасаң, дінің күйеді»

деген еске түседі... Рас, осындағы бір сөзді жұрт қате айтып жүр... [6] Дін емес, дұрысы «діл». Діл деген жүрек, жан-жүрек, әрине күйетін дін емес, діл, ғой.

Қазақ кашанда адам көнілін табуға, жанына жара салмауға шақырады. «Сыйларға асың болмаса, сипарға тілін болсын» деген мақал – сол қымбат дәстүрдің айғағы!

«Жөн сөзге мал да маңырайды». Сүйкімсіз сөз – сойыл! Соқпай өтпейді... қаситетті қара сөзді кастерлеуге үндеген ата-бабаларымыз жаман сөзден сақтануды да ескерткен: «Сөзден қорықпаған сойылдан да қорықпас» деген. Осы жәйтті өмірде жиі-жиі көріп жүрміз – ау...

Бір ырзалайтыны: халық данышпандығын халайық алдында талдау үстінде автор өзі нақылдатып жөнеледі.

Мысалы, жанағы алғашқы «Суық сөзді сұмырай айтады» деген мақалды пайымдай отырып, Мұзаған «Сөзін-өзін, өзің-сөзің» деген нақыл тудырғанына куә боламыз.

Сол сияқты «Сүйкімсіз сөз - сойыл» жаман емес. Автор атамзаманғы халық педагогикасын талдағанда үнемі осылай білімдарлықпен сөйлейді, бүкіл халық көңілін көнермес құндылықтарға аудартады. Уәждері орнықты, қашанда сендіре сөйлейді. Ұдайы халқымыздың кемеңгерлік қасиетін қастерлеуді өзгелерге үйретіп келе жатқан аға қаламгерге алғыстан басқа айтарымыз жоқ десек, асырып айтқандық емес.

ӘДЕБИЕТ

1. Халықтың сөзін ұстанған. «Қазақ әдебиеті» газеті. 1986ж., 16 мамыр.
2. Непревзойденный виртуоз айтыса. Казахстанская правда. 1997г., 14 декабря.
3. Рассердившиеся мысли М. Алимбаева. Газета «Караван» 9. 01. 1996.
4. «Жас алаш» газеті. 1999ж., 3 тамыз.
5. «Аргументы и факты» газеті. 1995ж., №32.
6. «Жас алаш» газеті. 1996ж., 14қыркүйек.

Резюме

В данной статье автор обращается к творчеству народного писателя Казахстана, лауреата Государственной премии М. Алимбаева, рассматривая мастерство поэта в области жанра эссе.

Resume

The author of the article researches the creative activity of the public writer of Kazakhstan, laureate of The State Award. The skill of the poet in field of genre essay are considered.